

**«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Стамбакиев Нуржан Жаксылыковичтің «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының
қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми
рецензенттің**

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс еліміздегі ғылымның даму бағыттары басымдылықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер, оның ішінде – 7.1. Қоғамдық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер, оның ішінде «7.1.1. Жаңа жаһандық сын-қатерлер мен Индустрия 4.0. трендтері жағдайында ұлттық экономиканы жаңғырту және тұрақты дамыту: экономикалық қатынастар және саясат, қаржы жүйесі, техникалық-экономикалық құрылым, менеджмент және ұйымдастыру, бизнес орта» және «7.1.3. Әлеуметтану, саясаттану, дінтану, археология, тарих, гуманитарлық география, этносаралық қатынастар және этноконфессиялық қатынастардың өзекті мәселелері» баптарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы	«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған

		<p>бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.</p>	<p>Диссертация еліміздегі исламдық қаржы саласының даму қарқынын сапалық әдіс негізінде зерттеу арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады. Зерттеу жұмысы исламдық қаржы жүйесінің теориялық негіздерін жан-жақты талдап, оларды практикамен, нақты айтқанда Қазақстан тәжірибесімен байланыстыра қарастырған. Әсіресе бұл тақырыптың исламтанулық қырынан зерттелуі ғылымға қосылған тың еңбек саналады. Диссертант өз зерттеуінде Қазақстан нарығында заңдастырылып қолданыс тауып келе жатқан исламдық қаржы өнімдерінің діни негіздеріне салыстырмалы сыни талдау жүргізген. Сонымен қатар еліміздегі исламдық қаржы институттары қызметтерінің шарифатқа сәйкестігін қадағалайтын</p>

			Исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестері қызметтерінің зерттелуі ерекше маңызға ие.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ізденушінің диссертацияны өзі жазуының деңгейі жоғары. Диссертацияның төрт тарауының арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық ғылыми еңбектің бір қолдан шыққандығын айқындай түседі. Диссертант ойларын жақсы тұжырымдап, өзінен бұрынғы зерттеулерге орынды сілтеме бере білген. Қосымшалар бөлімінде эмпирикалық зерттеу барысында қолданған сұрақтарын кезең-кезеңімен реттеп келтірген. Сонымен қатар ғылыми еңбектің мазмұндық тұсын баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта екендігі анық байқалады. Ізденушінің ойлары оқырманға түсінікті және қисынды деген пікірдемін.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Диссертацияның өзектілігі исламдық қаржы саласының даму қарқынын Қазақстан контекстінде зерттеуде айқындалады. Қазақстан ТМД елдерінің арасында исламдық қаржы жүйесін енгізу бастамасын бірінші болып көтеріп, сала бойынша аймақта көшбасшы болуды көздеген мемлекет. Алайда еліміздегі исламдық қаржы саласының бүгінгі жағдайы бастапқыда көзделген мақсаттардың толық жүзеге аспағандығына куә. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі исламдық қаржы саласының Қазақстанда дамуын тежеуші факторларды айқындау мақсатындағы жасаған зерттеу әдістері негізінде қарастыруымен тікелей байланысты. Сондай-ақ,

		<p>исламдық қаржы институттарының басты құндылығы мен ерекшелігі олардың өз қызметтерінде діни және моральдық принциптерді басшылық алуында екендігі белгілі. Осы орайда ізденуші диссертацияда Еліміздегі исламдық қаржы институттары қызметтерінің шариғат талаптарына сәйкестігінің қаншалықты деңгейде екендігі жөнінде өзекті мәселені кешенді түрде зерттеген. Ұсынылған диссертациялық жұмыстың тақырыбы жоғарыда аталған маңызды мәселелерді ғылыми-теориялық және эмпирикалық әдістер негізінде қарастыру тұрғысынан өзекті саналады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Зерттеуші бірінші тарауда исламдық қаржы өнімдерінің діни негіздемелеріне қатысты теорияларды салыстырмалы сыни тұрғыда талдаса, екінші тарауда исламдық қаржы жүйесін қолданушы мемлекеттердің тәжірибелерін қарастырған. Үшінші тарауда исламдық қаржының еліміздегі жағдайына нақты сипаттама беріліп саланың әрі қарай дамуына кедергі келтіруші жағдайлар зерттелген. Соңғы төртінші тарауда еліміздегі исламдық қаржы институттары қызметтерінің шариғатқа сәйкестігі және соны қадағалаушы шариғи кеңестердің жұмысы зерттелген. Ғылыми жұмыс аясындағы шешімдер мен қағидаттар тақырыптың мазмұны шеңберінде шығарылған.</p>

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><u>1) сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қызметтерін дамыту және шарифатқа сәйкестендіру бойынша ұсыныстар әзірлеуді мақсат еткен. Сол мақсатқа сәйкес жеті түрлі міндет айқындап, міндеттерді тиісті дәрежеде орындаған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары арасындағы логикалық байланыс жақсы сақталған, ішкі бірлікке ие. Зерттеуші алдымен исламдық қаржы жүйесінің теориялық негіздерін талдап, екінші тарауда индустрияның қазіргі әлемдегі жағдайын қарастырған. Алғашқы екі тараудан шыққан қорытындылар мен тұжырымдар кейінгі тараулардағы Қазақстанға қатысты жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен тығыз байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерін бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра дәлелдеген. Қазақстанда исламдық қаржы саласын дамытуға бағытталған жол карталарында белгіленген міндеттердің жүзеге асу деңгейін сыни талдаған. Сондай-ақ, сауалнама мен интервьюлерден алынған бірінші реттік деректерді талдау кезінде сыни әдіс кең қолданыс тапқан. Зерттеу нәтижелері өзінен бұрынғы зерттеулермен салыстырылып бағаланған.</p>

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстан шыққан ғылыми нәтижелерге салыстырмалы түрде ішінара жаңа деп баға бердік. Себебі исламдық қаржы саласы әлемдік деңгейде көп зерттелген бағыттардан. Бұл сала Қазақстан контекстінде де бұдан бұрын бірқатар авторлар тарапынан зерттелген. Әсіресе диссертациядағы исламдық қаржының еліміздегі даму қарқынына қатысты жасалған ғылыми нәтижелер бұрынан белгілі қағидаттар мен тұжырымдарды толықтырушы болғандықтан оларды салыстырмалы жаңа деп қарастырдық.</p> <p>Дегенмен осы уақытқа дейінгі Қазақстандағы исламдық қаржы саласына арналған ғылыми еңбектердің көбісі саланы қаржы немесе экономикалық қырынан қарастыруға бағытталғандығын да айта кеткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда диссертанттың Қазақстандағы исламдық қаржы саласының діни аспектілерін исламтанулық қырынан зерттеуінен шығарған ғылыми нәтижелерін толығымен жаңа деп есептеуге негіз бар. Сонымен қатар диссертациядағы ғылыми нәтижелердің эмпирикалық зерттеуден алынған бірінші реттік дереккөздерге негізделуі зерттеу нәтижелерінің жаңалығын айқындайды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p>	<p>Диссертация қорытындыларының бірі жартылай, бірі толығымен жаңа болғандықтан жалпы алғанда оларға ішінара жаңа деген баға берілді. Исламдық қаржы өнімдерінің теориялық-шариғи негіздерін талдаудан</p>

		<p><u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>шыққан қорытындылар алдыңғы зерттеулердегі тұжырымдарға негізделгендіктен ішінара жаңа деп бағаланды. Сол секілді әлемдік тәжірибені сараптаудан алынған қорытындыларды да жартылай жаңа деп есептедік. Ал толығымен жаңа қорытындыларға 3-4 тарауларындағы сапалық зерттеу әдістері арқылы шыққан қорытындыларды жатқызуға болады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалғандықтан техникалық, технологиялық, экономикалық салалармен тікелей байланыспайды. Десе де диссертацияда елімізде исламдық қаржы саласын дамыту және шарифи кеңестері қызметтерінің тиімділігін арттыру бойынша басқару шешімдері ұсынылған және ғылыми негізделген.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан карағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/</u> негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әрбір тарауындағы мәселелер бойынша жасалған қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Қорытындылардың бір бөлігі теориялық зерттеу нәтижелеріне негізделсе, екінші бөлігі эмпирикалық зерттеуден алынған дәлелдемелерге негізделген.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u></p>	<p>7.1. Диссертация жұмысында зерттеуші 8 қағидат айқындаған. Олардың әрқайсысы жеткілікті деңгейде дәлелденген.</p>

		<p>2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.2. Зерттеу жұмысының қағидаттары тривиалды емес. Диссертант қағидаттарды өзіндік тәсілімен, жан-жақты қарастырып қалыптастырған.</p> <p>7.3. Диссертация жұмысында 8 қағидат жасалған, олар салыстырмалы түрде ішінара жаңа саналады. Бірінші қағидатта – исламдық қаржы өнімдерінің ерекшеліктері мен діни негіздері сыни талданып маңызды әдіснамалық тұжырым қамтылған, екінші қағидатта – исламдық қаржы саласы бойынша халықаралық тәжірибе зерделеніп индустрияны дамытуға қажетті басты факторлар айқындалған, үшінші қағидатта – Қазақстанда исламдық қаржы саласының дамуы бірінші кезекте қоғам мен бизнес қауымдастығының сұранысына тәуелді екендігі тұжырымдалған, төртінші қағидатта – Қазақстандағы исламдық қаржы саласының дамуын тежеуші факторлар эмпирикалық әдіс негізінде анықталған, бесінші, алтыншы және жетінші қағидаттарда – отандық нарықтағы исламдық қаржы өнімдерінің түрлері мен қолданыс ерекшеліктері, шариғатқа сәйкестігі, жаңа өнімдерді жасап шығару мүмкіндіктері бойынша маңызды әрі тың тұжырымдар ұсынылған, сегізінші қағидатта – исламдық қаржы институттары қызметтерінің шариғат талаптарына сәйкестігін қадағалау жүйесі мен шариғи кеңестерді зерттеудің нәтижелері тұжырымдалған.</p> <p>7.4. Диссертациядағы қағидаттардың теория мен практикадағы қолдану деңгейі «кең». Атап айтқанда</p>
--	--	--	--

			<p>зерттеуден алынған ғылыми нәтижелерді исламдық қаржы институттар, шариғи кеңестер, Астана Халықаралық қаржы орталығы мен өзге де салаға қатысы бар ұйымдар ауқымында кең қолдануға болады.</p> <p>7.5. Диссертацияда көрсетілген қағидаттар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әдістемелік таңдау толық негізделген, зерттеуде қолданылған әдістер кезеңдерге бөлініп нақты жазылған. Диссертациядағы зерттеулер мен талдаулар сапалық әдістер негізінде жүргізілген. Зерттеу жұмысында екінші реттік дереккөздермен қатар эмпирикалық зерттеуден алынған бірінші реттік дереккөздер кең қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологиялар, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемелерін қолдану арқылы алынғандығы байқалады. Деректерді талдау нәтижелері түрлі форматтардағы диаграмма, кесте түрлерінде интерпретацияланған. Диссертация жұмысында бейнеленген 19 кесте мен 21 диаграмма соның айғағы.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар</p>	<p>Диссертация жұмысының зерттеу нысаны эксперименттік зерттеулерді қажет етпеді. Теориялық</p>

		<p>эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>қорытындылар эмпирикалық зерттеулермен дәлелденіп расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертант зерттеу жұмысында ұсынған ой-тұжырымдарын шетел және Қазақстан зерттеушілерінің еңбектеріне сілтеме беру арқылы негіздеген. Диссертация жұмысында эмпирикалық зерттеуден жинақталған бірінші реттік дереккөздер, салаға қатысты нормативті құқықтық актілер мен жол карталарын ғылыми талдау негізінде маңызды әрі дәйекті мәлімдемелер жасалған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста сала бойынша жазылған әдебиеттерге жеткілікті деңгейде ғылыми айналымда бұрын-соңды болмаған әдебиеттерге шолу жасалынған. Әдебиеттік шолу исламдық қаржы жүйесінің тарихы мен теориялық негіздеріне қатысты әдебиеттермен қатар, индустрияның қазіргі әлемдегі жағдайын сипаттайтын түрлі статистикалық мәліметтер мен эмпирикалық зерттеулерді бірдей қамтыған. Оның ішінде исламдық қаржыны Қазақстан контекстінде қарастырған зерттеулерге арнайы шолу жасалған. Ізденуші әдебиеттерге кешенді шолу</p>

			жүргізу арқылы диссертация тақырыбының өзектілігі мен ғылымға қосар үлесін жақсы негіздеген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары бағалануға лайық. Зерттеу нәтижелері исламдық қаржы өнімдерінің теориялық және шариғи негіздері, Қазақстандағы исламдық қаржы саласының даму қарқыны, жергілікті исламдық қаржы ұйымдарында ұсынылатын қаржы құралдары мен шариғи кеңестерінің ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда қол жеткізілген ғылыми нәтижелердің практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысынан шыққан қорытындылар елімізде исламдық қаржы индустриясының дамуына мүдделі ұйымдар үшін маңызды практикалық ұсыныстарды қамтыған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстарды мазмұнына қарай «толығымен жаңа» және «жартылай жаңа» деп екіге бөліп қарастыруға болады. Атап айтқанда, елімізде исламдық қаржыны дамытуға қатысты жасалған ұсыныстар мазмұн тұрғысынан бұрынғы жол карталарында қамтылған мәселелерді толықтырушы сипатта болғандықтан, жартылай жаңа деп бағаланды. Ал исламдық қаржы өнімдерінің қолданысы мен шариғи кеңестердің қызметтеріне қатысты берілген ұсыныстар толығымен жаңа деген бағаға лайық. Осы аталған жағдайларға

			байланысты зерттеуден шыққан ұсыныстарға жартылай, яғни ішінара жаңа деген баға бердік.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияны жазудағы академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Автор теориялық және эмпирикалық мәліметтерді талдауда ғылымда мойындалған әдіснамаға сүйене отырып, ғылыми стильде баяндаған. Диссертациялық мәтін ғылыми нормаларға сәйкес жазылған. Терминдерді қолдануда пәнаралық зерттеудің ерекшеліктері жақсы ескерілген.

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған Стамбакиев Нуржан Жаксылыковичтің «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультетінің деканы,
философия ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)



Б.Б. Мейрбаев

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
дәрісхана және аттестаттау бөлімінің басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. алы-Фараби
Р.Е. Қудайбергенов

